**Докторант Жалғасбаева Қанағат Баймұратқызының**

**«8D02304-Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» атты диссертациялық жұмысына берілген отандық кеңесшінің**

# ПІКІРІ

«Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» атты зерттеу жұмысы түркі халықтарының айтыс дәстүрінің тарихи қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ оның қазіргі заманғы трансформациялану үдерістерін талдауға бағытталған. Айтыс дәстүрі түркі халықтарының ежелден келе жатқан рухани мұрасы және ауыз әдебиетінің маңызды түрі ретінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Тақырыптың өзектілігі, әсіресе, қазіргі заманғы мәдени құндылықтардың жаһандану үдерісінде сақталуы мен трансформациялануын зерттеу арқылы арта түседі. Бұл диссертацияда айтыстың заман ағымына сай өзгеруі, жаңа формалардың пайда болуы және оның қоғамдағы рөлі қарастырылған.

Диссертацияның бірінші тарауы айтыс жанрының қалыптасуы, әртүрлі кезеңдерде жинақталуы және жариялануының тарихына арналған. Бұл бөлімде айтыстың әртүрлі түркі халықтарындағы зерттелу тарихы қарастырылады, жанрлық классификациялар мен айтыстың түрлері нақты көрсетілген. Айтыстың әртүрлі типтері, оның ішінде бәдік, жар-жар, қыз бен жігіт, жұмбақ және ақындар айтысы секілді негізгі түрлері жанрлық классификация тұрғысынан қарастырылған. Бұл айтыс өнерінің түркі халықтары арасындағы ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Диссертацияның екінші тарауында айтыс жанрының уақыт өте келе өзгеріске ұшырауы қарастырылған. Заманауи технологиялардың, әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің пайда болуы айтыс өнерінің жаңа форматтарда дамуына ықпал еткенін көрсетеді. Бұл бөлімде интернет айтыстың желідегі сипаты мен қазіргі мәдениеттің айтысқа тигізген әсері талданған.

Жұмыстың жаңашылдығы айтыс өнерін тек дәстүрлі емес, сонымен қатар жаңа медиалық форматтар мен әлеуметтік желілердегі көрінісі арқылы зерттеуінде жатыр. Диссертация авторы қазіргі айтыстың қалай өзгеріп, жаңа мазмұнмен толығатынын, сондай-ақ заманауи коммуникация құралдарының өнерге тигізген әсерін анықтайды. Бұл, өз кезегінде, айтысты зерттеудің жаңа бағыттарын ашады және болашақтағы айтыс өнерінің даму жолдарын болжауға мүмкіндік береді. Бұдан бұрын айтыс туралы көптеген зерттеулер жүргізілгенімен, бірақ зерттеу нысанына қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрік, әзербайжан, башқұрт, өзбек, татар халықтарының айтыстары алынып, түркі халықтар айтысының зерттелуін, жіктелуін, қазіргі кезге дейін дамуын салыстырмалы талдау жасаған диссертациялық жұмыс деңгейіндегі зерттеулер жоқ.

Scanned with CamScanner

Ғылымға маңыздылығы айтыс дәстүрінің тек әдебиеттану емес, сондай-ақ мәдениеттану, этнография және әлеуметтану тұрғысынан да маңызды зерттеу нысаны екендігін көрсетеді. Жұмыстағы зерттеу нәтижелері түркі халықтарының мәдениеті мен ұлттық құндылықтарының сақталуы және жаңғыруы мәселелеріне үлес қосады. Сонымен қатар, айтыс өнерінің қазіргі замандағы рөлін талдау арқылы «интернет айтыс» ұғымын айналымға енгізу ұсынылады.

Жалғасбаева Қанағат ұсынған шешімдердің жаңашылдығы айтыс өнерінің дамуын зерттеуге жаңа көзқарас ұсынады және бұл зерттеу түркі халықтарының рухани мұрасын қазіргі заман контекстінде қайта қарастыруға септігін тигізеді деген ойдамын.

Докторант Қ.Б.Жалғасбаеваның зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Жоғары Білім және Ғылым аттестау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жарияланып, баяндамалар жасалған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Қорыта айтқанда, Жалғасбаева Қанағат Баймұратқызының «8D02304-Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» атты диссертациялық жұмысын оң бағалаймын, диссертациялық кеңесте қорғауға дайын жұмыс деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің доцент м.а., PhD Даутова Г.Р.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«17» 12 2024 ж./г.